

**Қалшабаева Б.К.<sup>1</sup>, Дадабаева Г.Р.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kalshabaeva@mail.ru

<sup>2</sup>Т.ғ.д., доцент, КИМЭП университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: dgulnara@kimep.kz

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ОРАЛМАНДАР:  
ҚОНЫС АУДАРУ, ОРНАЛАСУЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР**

Мақала авторлары шет жерлерде тұрып жатқан қазақтардың тарихи Отанға оралу мәселелерін қарастырады. Аталған зерттеудің мақсаты Оңтүстік Қазақстанда орналасқан репатрианттардың орналасуы және тарихи Отанға бейімделу мәселелерін айқындау. Мақаланы жазу барысында тарихи зерттеудің мынандай әдістері: объективтілік, тарихи-салыстырмалы әдіс және далалық зерттеу әдістері қолданылды. Мақалада Түркістан облысы аумағына қоныстанған оралмандардың орналасуы, саны және рулық құрамына назар аударады. Аталған аумақтарда негізінен Өзбекстан, Иран, Ауғанстаннан, сондай-ақ азырақ Түркиядан келген қазақтар өмір сүруде. Мақалада оралмандардың республиканың оңтүстік аумақтарына қоныстануының негізгі себептері көрсетілген. Сонымен қатар, оралмандардың қоныс аударуының негізгі кезеңдері, саны және олардың орналасуындағы ерекшеліктер мен тарихи Отанға бейімделуімен байланысты туындаған мәселелер қарастырылады. Авторлар локальды қоныстардың негізін қалыптастыратын рулық қатынастар мен жершілдік қағидаларын айқындайды және Қазақстанда оралмандардың бейімделу барысында негізгі роль атқаратын мемлекет тарапынан көрсетілген әлеуметтік және қаржылай қолдаулар жөнінде де айтылады.

**Түйін сөздер:** Оңтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, репатрианттар, Өзбекстаннан келген оралмандар, Иран, адаптация мәселелері.

Kalshabayeva B.K.<sup>1</sup>, Dadabayeva G.R.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>doctor of Sc., professor, al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: kalshabaeva@mail.ru

<sup>2</sup>doctor of Sc., associate professor, KIMEP University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: dgulnara@kimep.kz

**Turkestan region's oralmans: issues of settlement and adaptation**

The present paper has focused on issues of the Kazakh Diaspora representatives came back to their historic homeland. The main goal of the research was a problem of the choice of repatriates' settlements here in Kazakhstan, particularly in Southern Kazakhstan. The following research methods were used to write this paper as historical-comparative, and field studies. Special attention is paid to the questions of their resettlement, strength, and tribal composition of oralmans to settle in Turkestan and its environment. This region has become a center of resettlement for the Kazakhs from Uzbekistan, Iran, Afghanistan and some small groups from Turkey. The authors highlight main reasons led to the oralmans resettlement into southern region of the republic. There were researched main stages of the oralmans migration, and its special features and also problems that oralmans faced in the country. The authors underline fraternity principles and tribal relations as foundation to create local settlements as well as social and financial support of the state to ease the adaptation to Kazakhstan.

**Key words:** Southern Kazakhstan, Turkestan region, repatriates, oralmans from Uzbekistan and Iran, problems of adaptation.

Калшабаева Б.К.<sup>1</sup>, Дадабаева Г.Р.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Д.и.н., профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: kalshbaeva@mail.ru

<sup>2</sup>Д.и.н., доцент, Университет КИМЭП,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: dgulnara@kimep.kz

### Оралманы Туркестанской области: вопросы переселения и адаптации

Авторы статьи рассматривают вопросы возвращения на историческую Родину представителей казахской диаспоры за рубежом. Цель данного исследования – выявить проблемы расселения репатриантов в Южном Казахстане и их адаптации на исторической Родине. При написании статьи использовались такие методы исторического исследования, как объективизм, историко-сравнительный анализ и методы полевых исследований. Особое внимание в статье уделяется расселению, численности и родовому составу оралманов, поселившихся в Туркестане и его окрестностях. В указанном регионе, в основном, проживают казахи из Узбекистана, Ирана, Афганистана, а также небольшие группы казахов из Турции. В статье выделены основные причины переселения оралманов в южный регион республики. Наряду с этим, рассматриваются основные этапы переселения, численность оралманов и особенности их расселения, а также проблемы, возникшие в ходе адаптации на исторической родине. Авторы выделили принципы землячества и родовые отношения как основу формирования локальных поселений, а также социальную и финансовую поддержку со стороны государства, которые играют главную роль в ходе адаптации оралманов в Казахстане.

**Ключевые слова:** Южный Казахстан, Туркестанская область, репатрианты, оралманы Узбекистана, Ирана, проблемы адаптации.

### Кіріспе

Түркістан облысы – Қазақстан Республикасының оңтүстігінде орналасқан. Облыстың негізі 1932 жылдың 10 наурызында құрылған. Ол 1962-1992 жылдар аралығында Шымкент облысы деп аталып, аумағы 117,3 мың км<sup>2</sup>, халқының саны 2 788 653 адамды құраса (Этнодемографический ежегодник Казахстана, 2006:32) кейін Оңтүстік Қазақстан облысы, ал 1918 жылдың жазынан бастап Түркістан облысы болып аталды. Облыстың орталығы Түркістан қаласына көшірілді. Облыс құрамында 11 әкімшілік аудан (қазіргі кезеңде екі аудан қайта бөлініп қосылды), 4 қалалық әкімдік, 7 қала (Шымкент қаласынан басқа), 932 ауыл, 171 ауылдық округ пен 13 кент бар. Түркістан облысында республика халқының 15%-ы тұрады (Этнодемографический ежегодник Казахстана, 2006:56). Тұрғындарының орташа тығыздығы 1 км<sup>2</sup>-ге 18,6 адамнан келеді. Республика бойынша бала туу жағынан ең жоғарғы көрсеткішке (1000 адамға 22,6 сәбиден келеді) және халық санының табиғи өсуінің ең жоғары деңгейіне (32,5 мың адамнан астам) жетті. Облыс халқының басым бөлігін қазақтар (70,24%) құрайды, одан басқа өзбектер (17,1%), орыс (7,2%), татар (1,2%), әзірбайжан, тәжік, түрік, т.б. ұлт өкілдері тұрады. Халықтың ең көп шоғырланған аймақтары Мақтаарал, Шардара, Сайрам, Сарыағаш аудандары. Облыс тұрғындарының 47%-ы қалада,

53%-ы ауылда тұрады (Асылбеков, Козина, 1995: 102).

Қазақстан Республикасы облыстары ішінде халық санының басымдығын осы аталған облыс құрайды. Түркістан облысы халықтарының сан жағынан өсуіне ата жұртқа оралған отандастарымыздың да белгілі бір деңгейде үлесі бар. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері алыс және жақын шетелдердегі қандастарымыз ата жұрты – тарихи Отанға қоныс аударуын тоқтатқан жоқ. Оның себептері біріншіден, шет елдерде өмір сүрген отандастарымыздың ата жұртқа деген сағынышының басым болуы, екіншіден, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатындағы алыс және жақын шетелдердегі қазақтардың елге оралуына жасалған оңтайлы шаралар, бағдарламалар үшіншіден, отандастарымыздың сол елдегі әлеуметтік-саяси жағдайымен де байланысты болды. Мәселен, олардың тұрып жатқан мемлекеттеріндегі ішкі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың да шиеленісуі, адамдардың күнделікті және қоғамдық-саяси, мәдени сұраныстарының толық қанағаттандырылмауы, жоғары мемлекеттік билік орындарына қызметке алуда ұлтына қарай шектеу, әлеуметтік, саяси құқықтарының қорғалмауы, қазақ тіліндегі мектептердің жабылуы, материалдық жағдайының нашарлауы, тұрмыс тіршілігінің көптеген саласында кепілдік құқықтардың жоқ болуы, т.с.с.

Кезінде тарихи тағдырдың соқпағымен шет жерлерге қоныс аударған отандастарымыздың тарихи отанға оралуы, орналасуы жергілікті ортаға бейімделуі мәселелері, көптеген зерттеушілер еңбегіне арқау болды. Атап айтқанда, сырттағы қазақтардың алғашқы көші-қоны, елге көшудегі қиыншылықтар жөнінде Е.Ю. Садовскаяның «Миграция в Казахстане на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы» деген еңбегін атауға болады (Садовская, 2001: 105-109). Автор бұл еңбегінде еліміз тәуелсіздік алған жылдары алғашқылар болып келген Моңғолиядағы қазақтардың елге оралуындағы негізгі факторлар: олардың ұлттық болмысын, дәстүрлі мәдениетін сақтап қалу, болашақ ұрпақтың қамы, яғни өз елінде білім алып көркею, т.с.с. себептерді көрсетеді. Ал К.Қ. Нұрымбетованың «Тәуелсіз Қазақстандағы репатриация мәселелері мен болашағы: тарихи талдау (1991-2008 жж.)» диссертациясында Тәуелсіз Қазақстандағы 1990 жылдардағы репатриация үрдісінің барысы мен ерекшеліктері және Тәуелсіз Қазақстандағы 2000 жылдардағы репатриация үрдісінің ерекшелігі, оралмандардың облыстар бойынша орналасуына жүйелендірілген жұмыс деп айтуға болады (Нұрымбетова, 2010:12). Сондай-ақ қазақ диаспорасы мен оралмандар мәселесі, көші-қоны жөнінде отандық және шетел мұрағаттарынан алынған, бұрын жарық көрмеген құжаттарды пайдалана отырып, тарихи айналымға түсірген «Казахская диаспора: настоящее и будущее» деген авторлық ұжыммен шыққан еңбекте де қазақтардың Моңғолиядан Қазақстанға қоныс аудару себептерін көрсетеді (Балтабаева, Баймагамбетова, 2012: 14,78). Б.К. Қалшабаеваның «Орталық Азиядағы қазақтар (тарихи-этнографиялық зерттеу) монографиясында бір тарауша Орта Азиядан келген оралмандар мәселесіне арналған (Қалшабаева, 2011: 325-344). Б.К. Қалшабаева мен А.С. Сейсенбаеваның «Some Problems of Repatriation and Adaptation of Representatives of the Kazakh Diaspora of Central Asia in the Historic Homeland» мақалалары да Орта Азиядан келген оралмандардың орналасу және бейімделуіндегі проблемалар жөнінде айтылады (Kalshabayeva, Seisenbayeva, 2013:20-26) А.Б. Қалыш және Д. Қасымованың «Поле и смыслы социокультурной интеграции этнических репатриантов және «Репатрианты Казахстана» атты еңбектері де (Қалыш, Қасимова, 2014; 2015.) Қазақстандағы репатрианттардың елде интеграциялануы мен бейімделуіндегі негізгі мәселелерді қозғаса, М.С. Садырова, С.А. Амитов (Садырова, Амитов, 2014: 18) зерттеулерінде

Қазақстандағы миграциялық үдерістер және оралмандардың әлеуметтік адаптациясына социологиялық талдау нәтижелерін береді.

### Мәселенің әдістемесі

Зерттеудің методологиясы Қазақстан және шетелдік этнологтардың этнология ғылымындағы «диаспора», «репатриант» т.б. ұғымдары жөніндегі теориялық тұжырымдар мен концептуальды қағидаларға сүйенеді. Қазақстандағы этникааралық қатынастарды талдауда, оралмандардың жағдайы, мәселелері және перспективасын кешенді және жүйелі қарастырғанда ғылыми объективизм принципін ұстануға мүмкіндік береді.

Мақаланы жазуда жалпы ғылыми тарихи принципке, жүйелілікке, салыстырмалы және экспериментальды талдауға негізделді. Сондай-ақ, методологиялық арсеналда ғылыми-қолданбалы әдістер: этносоциологиялық және далалық этнографиялық зерттеулер нәтижелері негізге алынды, мәселеге толық, кешенді талдау жүргізу үшін зерттеудің пәнаралық принциптері басты назарға алынды. Мәселен, тарихи-салыстырмалы әдіс оралмандардың орналасуындағы аймақтық ерекшеліктерді саралауға, елге оралу себептерін ашуда корреляциялық талдау жүргізуге ықпал етті.

### Негізгі бөлім

Қазіргі Түркістан облысы шет жерлерден оралған отандастарымыздың тығыз орналасқан аумағы деуге болады. Түркістан облысына орналасқан оралмандардың негізгі бөлігі Өзбекстан, Тәжікстан, Иран, Ауғанстан және азырақ Түркиядан келген қазақтар. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде (1992-1994 жж.) елге оралған қандастарымыз Қазақстанның оңтүстік аймағына орналасуға тырысты. Осы кезеңде тек қана Оңтүстік Қазақстан облысына барлығы 4357 қазақ келген.

Өзбекстаннан көшіп келушілердің көбеюінің басты бір себебі, елдің көршілес орналасуы болса, енді бір жағы Қазақстан мен Өзбекстанның арасындағы шекараның түпкілікті айқындалып, даулы елді-мекендер мәселесі шешіліп, екі жақтың мемлекет аралық келісімге қол қоюымен байланысты. Шекара нақтыланған соң, шекараға шектес не бұрындары Өзбекстанға Қазақстаннан жалға берілген жерлерде отырған қазақтар енді біржолата ата қонысқа көш аудару бастады. Оның үстіне отандастарымыздың тарихи отанға қоныс

аударуына Қазақстан өкіметі барлық жағынан қолдау көрсетті. Қазақстан Республикасы көші-қон және демография жөніндегі агенттігі оралмандардың пәтерге, жәрдемақыға, көлікке тиесілі қаражат шығынын Үкімет алдына қойып дәлелдеп, қаржы бөлдіртіп отырды. Мәселен, квота бөлу, жер не баспанамен қамтамасыз ету, материалдық көмек, т.с.с. Соның нәтижесінде 1999 жылдан 2010 жылға дейін көшіп келу квотасына енген әрбір отбасына тиесілі жеңілдіктерін беріп отырды. Содан бері Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің берген мәліметі бойынша 1991 – 2007 жж. жақын шетелдерден Қазақстанға 651299 адамды (165861 отбасы) қабылдады. Соның – 61,3% не 399453 адамы (102748 отбасы) Өзбекстаннан келген қазақтарды құрайды (Қалшабаева, 2012:200-205) Бірақ айта кету керек, тарихи отанға ең алдымен оралғандар сол елдердегі ата-баба жұртында отырғандар емес, еліміздегі кейінгі тарихи оқиғалармен (ұжымдастыру, ашаршылық т.б.) байланысты қоныс аударған не елмен тығыз қарым-қатынастағы қазақтар (туыс-жегжаты бар) көше бастады. Дегенмен де әлі күнге дейін ата мекеніміз осы жер, қайда барамыз деп отырған Ташкенттің маңайындағы «Той тепе», «Сіргелі», «Арғын», «Қыпшақ», т.б. елді-мекендердегі қазақтар да жеткілікті.

Түркістан облысына 1990 жылдардың басында келген отандастарымыздың алғашқы лектерінің бірін Тәжікстаннан келген қандастарымыз құрайды. Бұл елден отандастарымыздың қоныс аударуының басты себебі, ең бірінші Тәжікстандағы әскери соғыс, елдегі саяси-әлеуметтік жағдайдың шиеленісуі еді. Сондықтан олардың негізгі бөлігі өзінің басын аман алып қалу мақсатында мемлекеттің көмегін күтпей-ақ тарихи Отанға оралуына мәжбүр болды. Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің 1993 жылғы 8 қаңтардағы №258 шешімінің арқасында Тәжікстан Республикасынан облысқа келуге ниет білдірген 35 жанұяны (250-300 адам) үй мүлкімен көшіріп алды (Оңтүстік Қазақстан Облыстық мемлекеттік мұрағаты, 897-Қор: 17 п). Олардың негізгі бөлігі Махтаарал, Сарыағаш ауданының Ақжар селосында шоғырланған. Сондай-ақ, Шымкент қаласының Самал-2 ықшам ауданында Тәжікстаннан келген 14 жанұяға үй салуға жер телімдері беріліп, уақытша тұратын вагондармен қамтамасыз етілген 1992-1993 жж. оларға ескі ақшамен 150-200 мың сом жәрдемақы көрсетілген (Нұрымбетова, 2010:12).

Ал Иран, Ауғанстан және Түркия елдерінен келген қандастарымызда тәуелсіздігіміздің

алғашқы жылдарында Отанға, ата жұртқа деген сағыныш басым болса, енді бір жағынан сол елдердегі саяси-әлеуметтік жағдайдың шиеленісуі де олардың елге оралуын жеделдетті. Қазіргі Түркістан облысына Ираннан келген қазақтардың келуі 1993 ж. 15 сәуірде ҚР Президенті «Көші-қон квотасы және Иран Ислам республикасынан және басқа мемлекеттерден отандастарымыздың көшіп келуін ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» қаулыға қол қоюмен байланысты. Бұл жөнінде зерттеуші ғалым Ислам Жеменей өзінің «Көші-қон және бейімделу мәселелері» атты мақаласында: «Елбасы Иран еліне 1992 жылдың 29 қарашасында алғашқы ресми сапары барысында иран қазақтарының өкілдерімен кездесті. Елбасымыздың бұл сапарындағы келісімнің жемісі 1995 жылдың күзінде иран қазақтарының атамекенге оралуындағы алғашқы көшіне негіз қалады...» – деп жазады (Жеменей, 2012:137-139). Міне, осы кезеңде Ирандағы қазақтардың алғашқы легін Оңтүстік Қазақстанға әкеліп орналастырады. Иранның солтүстік аудандары Горган, Бендер-Түркмен қалаларынан оралған 1686 адамның 950 адамы Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш, Шардара, Сайрам, Қазығұрт, Түркістан және т.б. аудандары мен Шымкент, Кентау қалаларына орналасқан. Дастан ауылына қоныстанған Ираннан келген отандасымыз Мұхаммед Серікбайұлы Ауғанстанның Гират қаласында дүниеге келген. XX ғ. 80-ші жылдары Кеңес өкіметі мен Ауғанстан арасындағы соғыста Иранға өткен. Иран мемлекетінде олар түрлі кәсіппен шұғылданып, саудамен айналысқан, мал баққан, Қызыл Рабадта отырықшы болып, егін еккен. 1993 жылы алдымен Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданына қоныстанады, ол жердің табиғи-географиялық жағдайы ұнамай, Сарыағаш ауданына көшкен (2014 ж. Оңтүстік Қазақстан облысына ұйымдастырылған далалық этнографиялық экспедиция материалынан алынды).

Сарыағаш ауданының көші-қон және демография бөлімінің мәліметтері бойынша ауданға 1992-2002 жж. аралығында 5133 жанұя (30188 адам) оралмандар келген. Келген оралмандардың 80 % – ТМД елдерінен болса, 20 % – Иран Ислам Республикасынан, Ауғанстаннан, Пәкістаннан, Монғолиядан, Түркиядан, Түркіменстаннан келгендер. Оралмандар негізінен бір ауылға орналастырылды. Ауғанстан, Пәкістаннан келгендер негізінен Сарыағаш қаласында, ал «Дастан» ауылында Ираннан келген оралмандар орналасқан (Қалшабаева, Базарбаева, 2013: 330-334).

Қандастарымыздың тарихи отанға көшіп келуі екі жолмен жүрді: біріншісі – мемлекеттік квота арқылы болса, екіншісі – дербес, өз беттерімен жеке қаражат күшімен көшіп келеді. Түркістан облысына қоныс аударғандар санын кезеңдермен көрсетсек: 1998-1999 жылдары Қырғызстаннан – 456, Ресейден – 2446, Тәжікстаннан – 4927, Өзбекстаннан – 16934, Ауғанстаннан – 672, Қытайдан – 49, Моңғолиядан – 26, Түркиядан – 534, Ираннан – 1790 қазақтар қоныс аударды. Көші-қон және демография агенттігінің берген мәліметі бойынша 1991-2002 жж. аралығында Түркістан облысына көшіп келген оралмандар 17653 жанұя (82563 адам) болса, 1991-2004 жылдары аралығында 25578 отбасы яғни 98295 адам көшіп келген. Келген адам санының көрсеткіші 30,48% құрайды. Облысқа 1991-2006 жж. аралығында шетелден келген оралмандардың жалпы саны – 40725 отбасы, 138570 адам болды (Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты, 897 қор.: 17). Сонда 2004 жылға дейін 98295 адам келген болса, 2006 жылға дейін, яғни 2 жылда 40 мың адам қосылған.

Ал, жалпы Қазақстан бойынша 1991-2006 жылдар аралығында шет елдерден келген оралмандардың жалпы саны 143343 жанұя (565757 адам). 1991-2006 жж. аралығында Өзбекстаннан келген отандастар барлық келген оралмандардың 61,65 % құраған. 1991-2006 жж. аралығында келген отандастарымыздың басым көпшілігі 40725 отбасы (138570 адам) Оңтүстік Қазақстан облысында орналасып, оның 85,6% Өзбекстаннан келген оралмандар.

1991-2007 жж. аралығындағы Оңтүстік Қазақстан облысына жалпы 44545 отбасы 149897 адам келген. Оның ішінде Моңғолиядан келген отандастарымыз 13 отбасы 28 адам 0,02%-ды, Қытайдан келген отандастарымыз 81 отбасы 144 адам 0,1%-ды, Ресейден келген отандастарымыз 363 отбасы 777 адам 0,5%-ды, Өзбекстаннан келген отандастарымыз 39407 отбасы 128257 адам 85,6%-ды, Түркіменстаннан келген отандастарымыз 874 отбасы 3956 адам 2,6 %-ды құраса, басқа да шет елдерден келген репатрианттар төмендегідей болған: Тәжікстаннан 2344 отбасы (10106 адам) 6,74%, Қырғызстаннан 117 отбасы (253 адам) 0,2%, Түркиядан 258 отбасы (1078 адам) 0,72%, Украинадан 5 отбасы (10 адам) 0,007%, Әзербайжаннан 3 отбасы (3 адам) 0,002%, Молдовадан 1 отбасы (1 адам) 0,0007%, Ауғанстаннан 348 отбасы (1517 адам) 1,012%, Ираннан 609 отбасы (3227 адам) 2,15%, Пәкістаннан 99 отбасы (453 адам) 0,302%, Бело-

руссиядан 3 отбасы (3 адам), Грузиядан 1 отбасы (4 адам), Израильден 1 отбасы (1 адам), Сауд Араб елдерінен 16 отбасы (75 адам) 0,05% келген (Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты, 897 қор: 17-27).

Қазақстан Республикасындағы оралмандардың, азаматтығы жоқ адамдардың және босқындардың құқықтарының ахуалы туралы арнайы баяндамасында: Қазақстан Республикасына 1991 жылдан бастап 2011 жылға дейінгі аралықта тарихи отанына 221,3 мың отбасы немесе 860,4 мың этникалық қазақ оралды. Олардың көшіп келу квотасына 127,7 отбасы енгізілді, квотадан тыс өз бетінше 94,2 мың отбасы қоныстанды. Соның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысында – 183004 – адам, 53275-отбасы, 21,4%-ды құрайды. Басым көпшілігі Өзбекстаннан келгендер. Өзбекстаннан – 47818 отбасы, 161252 адам, Тәжікстаннан келгендер – 2401 отбасы, 10234 адам, Түркіменстан – 901 отбасы, 4524 адам, Ираннан – 679 отбасы, 3839 адам, Түркиядан – 274 отбасы, 1147 адам, Қырғызстаннан – 166 отбасы, 492 адам, Ресейден – 334 отбасы, 742 адам, басқа ТМД елдерінен – 81 отбасы, 167 адам, Моңғолиядан – 12 отбасы, 29 адам, алыс шет елдерден 489 отбасы, 2195 адамды құрайды (Қалшабаева, 2016: 100-108).

Ата-баба жеріне аңсап жеткен оралмандарды орналастыруда Мақтарал ауданына – 2782 отбасы, Сарыағаш ауданына – 2506 отбасы, Шымкент қаласына – 677 отбасы, Түлкібас ауданына – 495 отбасы, Түркістан қаласына – 412 отбасы, Шардара ауданына – 308 отбасы, Қазығұрт ауданына – 336 отбасы, басқа да қалалар мен аудандарға – 372 отбасы бөлінген (Сейсенбаева, 2011: 118). Елбасы жарлығы бойынша, Оңтүстік Қазақстан облысы 2765 отбасын немесе 14907 адам квота бойынша қабылдауы тиіс болатын. Оңтүстік Қазақстан облысының көші-қон жөніндегі басқармасының басшылары бұл жоспарды артығымен орындап отырды. Квотамен келгендерге жол шығындары, жүк тасымалының шығыны төленіп, бір жолғы жәрдемақы берілді. Әр отбасы 715260 теңге жәрдемақыға ие болған. ОҚО-ға орналасқан оралмандар баспанамен қамтамасыз етіліп, шаруашылығын жүргізуге көмектер алып отырды. Көптеген отбасылар дайын баспананың орнына үймен бірге шаруашылықпен айналысу үшін жерге иелік еткенді жөн көрді. Әлеуметтік баспанаға 18 отбасы қол жеткізсе, 764 отбасына жер телімдері берілген. Облыс аудандарында «Дастан», «Достық», «Атамекен», «Сәуле» деген ауылдар пайда болды. Ауылдарға инфрақұрылымдарды

салуға байланысты облыстық бюджеттен 20 млн. теңге бөлінген. Сол сияқты Оңтүстік Қазақстанның бұрын немістер тұрған Бескетік ауылына да оралмандар орналастырылған (Қалшабаева, 2011: 340).

Жоғарыда айтқанымыздай, Оңтүстік Қазақстан облысы оралмандардың ең көп қоныстанып жатқан облыстарының бірі. 1991 жылдан 2008 жылдың 1 қаңтарына дейін 21 алыс және жақын шетелдерден қоныс аударған оралмандардың саны 44545 отбасы немесе 149897 адамға жетіп отыр. Көшіп келген 44545 оралман отбасының 88 пайызы Өзбекстаннан, 5,9 пайызы Тәжікстаннан, 1,6 пайызы Ираннан, 1,8 пайызы Түркменстаннан, 2,7 пайызы басқа алыс және жақын шетелдерден қоныс аударған қандастарымыз. Көшіп келген оралмандардың 13286 отбасы көшіп келу квотасымен, 31259 отбасы келу квотасынан тыс көшіп келгендер.

2007 жылы қоныс аударған 3820 отбасылардың құрамындағы 11327 адамның 1851 мектеп жасына дейінгі (балабақшамен қамтылғаны 65), 3023 мектеп жасындағы балалар (барлығы оқумен қамтылған), 5845 адам еңбекке жарамды жаста (4091 жұмысқа орналасқан), 608 зейнеткерлер (601 зейнетақы алады) болды. Ал кәсіби дайындығы және білім деңгейіне келгенде 506 жоғары білімі бар, 1007 кәсіби және 4298 жалпы орта білімі бар қандастарымыз елге қайтқан. 2690 отбасы тұрғын үймен қамтылған: оның ішінде 1823 отбасы көшіп келу квотасы арқылы, 840 отбасы өз қаржысына, 27 отбасына әлеуметтік тұрғын үй берілген. 801 отбасыға тұрғын үй салу үшін жер телімдері бөлініп берілді.

1991 жылдан 2011 жылдың 1 қаңтарына дейін Оңтүстік Қазақстан облысына 51366 отбасы көшіп келген, жалпы адам саны 177175. Олардың 89,4% Өзбекстаннан, 0,02% Моңғолиядан, 0,2% Қытайдан, 1,8% Түркіменстаннан, 0,7% Ресейден, 4,7% Тәжікстаннан, 0,3% Қырғызстаннан, 1,4% Ираннан, 0,5% Түркиядан, 1,1% басқа елдерден. Облысқа көшіп келгендердің 42,95% еңбек жасына дейінгілер, 52,55% еңбек жасындағылар, 4,50% – зейнеткерлер, 12,7%-ның жоғары, 19,1% арнайы орта, 63,7% жалпы орта білімі бар. Оралмандардың кәсіптік құрамына тоқталатын болсақ, 6,2% – білім саласында, 5,1% денсаулық саласының, 7,5% – ауыл шаруашылығы саласының қызметкерлері, 0,1% – мемлекеттік қызметкерлер, 7,6% кәсіпкерлер болып табылады. Оралмандардың әлеуметтік проблемаларын шешуде де қиындықтар жетерлік. Оңтүстікке көшіп келушілердің саны сиреді. Соның салдарынан 2008 жылдан бері

квотаға бөлінген қаржы толық игерілмей қалды, 2008 жылы 3162 отбасына квота бөлініп, 2712 отбасы көшіп келсе, 2009 жылғы 3000 квотаның 2800-і алынған. Ал, 2010 жылға 2950 отбасына квота бөлінген. Оның 2224-і оралман отбасыларына берілген (Әлібек, 2013:57-62). Көріп отырғанымыздай оралмандардың Оңтүстік Қазақстан облысында көп шоғырлануының себебі түрлі факторлармен түсіндіріледі. Біріншіден, квота өңірлік бөлініске бағытталған, сондықтан да квота қоныстану шеңберін шектейді. Мысалы, 2005 жылы квотаға енгізілген оралмандардың 73% (15 000 отбасының 10 885-і) Өзбекстаннан көшіп келіп, Оңтүстік Қазақстанға қоныстанды. Квотаға енгізу өтінішін бергендер қай облыста тұрғысы келетіндігін көрсетеді. Таңдау өкілеттігі бар облыстық Көші-қон департаментіне өтініш бойынша квота лимитіне негізделген нақты шешім қабылдайды. Шамамен Қазақстанда тұрып жатқан барлық оралмандардың 26 пайызы Оңтүстік Қазақстанға шоғырланған. Оның себебін, бір жағынан табиғи-географиялық жағдайдың қолайлылығы десек, екінші бір жағынан елдің көршілестігімен де байланыстырсақ болады. Сөзіміз дәлелді болу үшін, неге оңтүстікті көбірек қалайды деген сауалға Өзбекстандағы отандастарымызды бастап келген И. Қалыбеков: «Оның себебі көп. Біріншіден, Өзбекстанда елдің жағдайы күн санап нашарлай түсті, алысқа көшуді ойлаудың өзі қиын болды, сол себепті де шекаралас, жақын елдерге қоныстану болды. Екіншіден, бәріңіз бірдей опарыла көшіп кете алмайсыз. Әр отбасында кемі бес-алты баладан келеді. Сондықтан, алдымен бір екеу, сосын қалғандары, өстіп біртіндеп көшуден басқа амалдары қалмады. Үшіншіден, тіл мәселесі. Төртіншіден, бұрыннан жақын жатқан, аралас-құралас құда жегжат ел үйреніскенге ыңғайлы ел», – деп жауап береді (Ақжігіт, 2011:5) Дегенменде квота санының әр түрлі болуы еліміздегі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен байланысты еді. XX ғ. 90-жылдарындағы етек алған нарықтық экономиканың өтпелі кезеңіндегі дағдарыс, қиыншылықтар шетелдегі қандастарымыздың ағыла көшуіне мүмкіндік бермеді не болмаса көшіп келуі осы тұста біршама тежелді. Нақты деректерге жүгінсек, алыс және жақын шетелдерден көшіп келуші ағайындардың саны 1996 жылы 1991 жылмен салыстырғанда төрт есе, 1993 жылмен салыстырғанда екі есе қысқарған. Дегенмен бұл үміт толығымен ақталды деп айта алмаймыз. Себебі, *2011 жылдың соңына қарай шетелдердегі қазақтардың атажұртқа келу*

*көші азая бастады.* Сондай-ақ Атамекенін аңсап жеткен қандастарымыздың тұрақтап қалғысы келетін тағы бір өңірі – Сарыағаш ауданы. 1991-2011 жылдың 9 айы аралығында бұл ауданға алыс және жақын шетелдерден 14698 отбасы мен 54175 адам қоныс аударған. Бүгінгі таңда ауданда тек оралмандар қоныстанған он үш елді мекен бой көтерді. «Дастан», «Береке», «Нұрлы жол-2», «Жаңа құрылыс», «Ақөріс», «Самал-2», «Атшабар», «Саяжай-1», «Саяжай-2», «Тоғай», «Ұйымшыл», «Атамекен», «Тегісшіл» ауылдары абаттанып, инфрақұрылым жүйесі қалыптасып келеді.

Сарыағаш ауданындағы оралмандардан құралған Дастан ауылы туралы ауылдың «Дастан» деп аталу себебі, Ауғанстанда елге мәлім қазақ қожа атымен байланысты. Ол кісінің атында Ауғанстанда үлкен мазар бар. Дастан қожа әулиелік қасиетке ие, қазақты ұйыта білген адам, сондықтан сол кісінің атын бердік, – дейді ауыл әкімі Досбай Яхия деп келтірген. Негізінде қазіргі кезде бұл ауылда 100-120 отбасы өмір сүріп жатыр. Оның 70-80 пайызын Ауғанстан, Ираннан келген қазақтар құраса, халықтың қалған бөлігін Қарақалпақстан, Өзбекстан және Тәжікстаннан келген қазақтар құрайды (Қалшабаева, 201: 338-340).

Облысқа көшіп келген оралмандардың 80 пайызға жуығы Шымкент қаласына және Мақтаарал, Сарыағаш, Сайрам аудандарында шоғырланғандықтан оралмандарды облыс аумағына біркелкі жайғастыру мәселесі қолға алынды. Облыс көлемінде оралмандар сирек жайғасқан қала, аудандарға оларды тарту үшін жергілікті атқару органдары тарапынан кепілдендірілген әлеуметтік жеңілдіктер пакеттері жасалынып, 987 отбасына тұрғын үй салу үшін 101,1 гектар жер телімдерін, оның ішінде 261 отбасына шаруа қожалықтарын жүргізуге 906,3 гектар жер, 14 отбасына әлеуметтік тұрғын үй беру, 208 оралмандарды түрлі салаларда жұмыспен қамту, 225 оралманды кәсіби оқыту және қайта даярлау жұмыстары жоспарланған.

Аталған шаралардың шеңберінде басқармада тіркелген оралман отбасыларына сараптау жұмыстары жасалынып оралмандар аз қоныстанған аудандарға қажетті мамандықтар бойынша сай келетін оралман отбасыларын, аталған аудандарға қоныс аударуға ниет білдірген жағдайда, оларды көшіп келу квотасына енгізіп, квотамен берілетін жеңілдіктерге қосымша жоғарыда аталған кепілдендірілген жеңілдіктерді де пайдалануға мүмкіндіктер беру арқылы оралмандарды облыс көлемінде біркелкі орналастыруына мейлінше ықпал жасалынды.

### Қорытынды

Қорыта келгенде шет жерлерден қоныс аударған қандастарымыз сол тұрып жатқан елдердің саяси-әлеуметтік жағдайларының тұрақсыздығымен кейбір қажеттіліктерінің орындалмауына байланысты (қазақ мектептерінің жабылуы, басшылық орындарға алмау, жұмыссыздық т.с.с.) тарихи отанына бет бұрған. Оның ішінде де елге оралған отандастарымыздың басым бөлігін Орта Азиядан келген қазақтар құрайды. Ал, олардың Қазақстанның оңтүстік аумақтарына шоғырлануы, біріншіден, шекаралас жақын болғандықтан десек, екіншіден, аумақтың табиғи-географиялық жағдайының қолайлылығы да ықпал етіп, олардың әрі қарай дәстүрлі өмір сүру салтын алып кетуге ыңғайлы болды. Отандастарымыз еліміздің қай аумағына қоныстанбасын өкімет тарапынан барлық жағдай жасалынды. Бастапқыда жер телімдері, баспанамен, әлеуметтік баспанамен қамтамасыз етілсе, басқа да әртүрлі шаралар, бағдарламалар ұйымдастырылды, соның бірі «Нұрлы көш» бағдарламасы. Осы бағдарламаның арқасында Көкшетаудың іргесінде оралмандарға арналған тұтас қоныстар, Оңтүстікте көптеген қоныстардың пайда болғандығын жоғарыда айтып өттік. Міне, осы істелініп жатқан шаралардың барлығы Отандастарымыздың ата қонысына бейімделуіне жасалып жатқан қамқорлық.

### Әдебиеттер

- Кітаптар  
 Асылбеков М.Х., Козина В.В. (1995). Демографические процессы современного Казахстана. Алматы: Атамұра. – 128 с.  
 Қалшабаева Б.К. (2011). Орталық Азиядағы қазақтар. Алматы: Қазақ университеті. – 406 б.  
 Калыш А., Касымова Д. (2014). Поле и смыслы социокультурной интеграции этнических репатриантов. Алматы: Қазақ университеті. 242 с.  
 Калыш А., Касымова Д. (2015). Репатрианты Казахстана. Алматы: Қазақ университеті. – 364 с.  
 Нұрымбетова К.Қ. (2010). Тәуелсіз Қазақстандағы репатриация мәселелері мен болашағы: тарихи талдау (1991-2008). Алматы. – 25 б.

Садырова М.С., Амитов С.А. (2014). Миграционные процессы в Казахстане и социальная адаптация оралманов: социологический анализ. Palmarium Academic Publishing. Алматы. 185 с.

Садовская Е.Ю. (2001). Миграция в Казахстане на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы. Алматы: Ғылым. – 260 с.

#### Газеттер, журналдар

Ақжігіт Ө. (2011). «Асар» туралы ақиқат // Президент пен халық. №39 16 қыркүйек, 5 бет.

Kalshabayeva, Seisenbayeva A. (2013). Some problems of immigration and adaptation of representatives of the Kazakh Diaspora in Central Asia in the historic homeland // Middle East Journal of Scientific Research. 15 (1): 20-26;

Сейсенбаева А. (2011). Оралмандардың көші-қонындағы кейбір мәселелер // Хабаршы ҚазҰУ тарих сериясы. Алматы, №4 (63), 118 б.

#### Конференция, жинақ материалдары

Балтабаева К.Н., Баймагамбетова А.Ж. (2012). Репатриация зарубежных казахов в Казахстан: Отечественная историография // Қазақстан және шетелдегі қазақтар. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы: Атажұрт, 376 б.

Этнодемографический ежегодник Казахстана (2006). Статический сборник / Под ред. Ю. К Шокаманова. Алматы: Наука, 110 с.

Қалшабаева Б.К. (2012). Орталық Азия елдерінен келген оралмандардың тарихи отанға бейімделу мәселелері // Қазақстан және шетелдегі қазақтар Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы. 200-205 бб.

Жеменей И. (2012). Көші қон және бейімделу мәселелері // Қазақстан және шетелдегі қазақтар: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдарынан. Алматы, 137-139, 140 б.

Әлібек С.Н. (2013). Оңтүстікке оралған отандастар // Қазақ диаспорасының жасампаз әлеуеті: тарихы және заманауи келбеті Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы. 480 б. 57-62 бб.

Қалшабаева Б.К., Базарбаева А.С. (2013). Оңтүстік Қазақстан облысы «Дастан» ауылындағы оралмандар// Республиканская научно-практическая конференция «V Оразбаевские чтения» Отечественная археология и этнология: исследования, открытия и интерпретации. 26-27 апреля. 330-334 бб.

Қалшабаева Б.К. (2016). Проблемы адаптации оралманов (репатриантов) на исторической родине // «Найновите научни постижения – 2016», 15-22 март 2016 година. – материали за XII международна научна практична конференция том 6. – София «Бял Град-Бг» ООД, р. 100-108).

Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты – 897-Қор, 1-тізбе. 10-бума. 61-іс. 37 бб.

2013 ж. Оңтүстік Қазақстан облысына ұйымдастырылған далалық этнографиялық экспедиция материалынан алынды.

## References

### Books

Asylbekov M.H., Kozina V.V. (1995). Demographicheskie proctessy sovremennogo Kazahstana. Almaty: Atamura. 128 p.

Kalshabayeva B.K. (2011). Ortalyk azidagy kazakhtar. Almaty: Kazakh university. 406 b.

Kalysh A., Kasymova D. (2014). Pole I smysly socziokulturnoi integratsii repatriantov. Almaty: Kazakh university. 242 p.

Kalysh A., Kasymova D. (2015). Repatrianty Kazakhstana. Almaty: Kazakh university. 365 p.

Nurymbetova K.K. (2010). Tausiz Kazakhstandagy repatriasziy maseleleri men bolashagy: tarihy taldau (1991-2008). Almaty. 25 p.

Sadyrova M.S., Amitov S.A. (2014). Migratsionnie proctessy v Kazakhstane I soczialnaya adaptatsia oralmanov: sotziologicheskii analiz. Almaty: Palmarium Academic Publishing. 185 p.

Sadovskaya E.Yu. (2001). Migratzia v Kazahstane na rubezhe XXI veka: osnovnye tendentsii I perspektivy. Almaty: Galym. 260 p.

### Newspapers, journals

Akzhigit O. (2011). Asar turaly akikat // President pen khalyk #39 16 October, 5 p.

Kalshabayeva, Seisenbayeva A. (2013). Some problems of immigration and adaptation of representatives of the Kazakh Diaspora in Central Asia in the historic homeland // Middle East Journal of Scientific Research. – 15(1): 20-26;

Seisenbayeva A. (2011). Oralmandyn koshi-konyndagy keibir maseleler// KazNU Herald, #4(63), 118 p.

### Conference papers, field materials

Baltabayeva K.N., Baimagambetova A. Zh. (2012). Repatriatsiya zarubezhnuh kazahov v Kazakhstan: otechestvennaya istoriografiya //Kazakhstan zhane sheteldegy kazaktar. Duniezhuzi kazaktary kauymdastygynyn kurylganina 20 zhyl tolyuna orai otkizilgen: halykaralyk gylymi-praktikalyk konferentsia materialdary. Almaty: Atazhurt, 375 p.

Shokamanov Yu.K. (2012). Ethnodemographicheskii ezhegodnik Kazakhstana / Statisticheskii sbornik (ed.) Almaty: Nauka, 110 p.

Kalshabayeva B.K. (2012). Ortalyk Aziya elderinen kelgen oralmandarnyn taryhi otanga beiemdely maseleleri // Kazakhstan zhane sheteldegy kazaktar. Duniezhuzi kazaktary kauymdastygynyn kurylganina 20 zhyl tolyuna orai otkizilgen: halykaralyk gylymi-praktikalyk konferentsia materialdary. Almaty: Atazhurt, pp. 200-205.

Zhimenei I. (2012). Koshi kon zhane beiemdely maseleleri // Kazakhstan zhane sheteldegy kazaktar. Duniezhuzi kazaktary kauymdastygynyn kurylganina 20 zhyl tolyuna orai otkizilgen: halykaralyk gylymi-praktikalyk konferentsia materialdary. Almaty: Atazhurt, pp. 137-140.

Alibek S.N. (2013). Ontystukke oralgan otandastar // Kazak diasporasynyn zhasampaz aleuety: tarihy zhane zamanai kelbeti Respublikalyk gylymi-praktikalyk konferentsia materialdary. Almaty: Duniezhuzi kazaktarynyn kaumdastygy, pp. 57-62.

Kalshabayeva B.K., Bazarbayeva A.S. (2013). Ontystik Kazakstan oblysy «Dastan» auylyndagi oralmandar // Respublikanskaya nauchno-practiccheskaya konferentsia «V orazbaevskie chteniya», Otechestvennaya arheologia I ethnographia: issledovaniya, otrkytiya I interpretatzii, 26-27 April, pp. 330-334.

Kalshabayeva B.K. (2016). problem adaptatzii oralmanov (repatriantov) na istorichaskoi rodine // «New Scientific Achievements-2016», 15-22 March, Sofia, pp. 100-108.

Ontystik Kazakstan oblystyк memleket muragaty, 897 kor, 1 tizbe, 10 buma, 61 is, 37 b.